

**Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 56 "Мұғалжар ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша регламенттеу туралы" шешімнің күшін жою туралы**

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 19 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 желтоқсандағы №56 "Мұғалжар ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша регламенттеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3492 тіркелген, 2013 жылғы 24 қаңтарда аудандық "Мұғалжар" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Қ.Аймағанбетов*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Н.Қалиева*